

12007  
875



# Қағыр Мыңдағы

1

2006








# Қадыр Мұрза Әлі



Таңдамалы жинақтар  
1 том

2002, Қазақстан Мемлекеттік мәдений меморандумының 2000



“Балалар әдебиеті” 2006

ББК 84 (5 Қаз.) 7-4

М 91

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАFAT  
КОМИТЕТИНІң БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР*

М 91 Мырза Әли Қ.

Тандамалы жинақтар: Т. 1. Алматы:

“Балалар әдебиеті” баспасы. –2006. –364 бет.

ISBN 9965-650-65-9

ББК 84 (5 Қаз.) 7-4

Б 4702250201  
00 (05)-06

ISBN 9965-650-65-9

0 0 1 2 2 3 9 2

© Мырза Әли Қ., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

# ҚАДЫРДЫҢ ҚАДІРІ

(Алғы сөз орнына)

Қадыр Мырзалиевтің “Бұлбұл бағында” мынадай бір сырлы шумак бар:

Жүйрік арман қып жете қалсаң-ак,  
Жалт береді,  
Соның өзі бір сабақ!  
Осалдар жүр өзін жүрттан артық деп,  
Ал мықтылар өзін жүрттан кем санап!

Тап-таза шындық!

Алдымен, азамат ойдың адамында ешқашан арман таусылмақ емес. Ардан туған адам әрқашан арман қуады және арман қуудан жалықпайды, туғаннан өлгенге дейін қуады және сол арманның шегіне жетпейді, жетсе де жеткенін сезбейді. “Арманым жок дейтіндер” қателеседі, яки өтірік айтады. Адамның арманы болмаса, ертеңі болмағаны; арман бітсе, ертеңі бітеді, мақсаты түгесілгені; арманның таусылған жері – адамның өлген жері. Саналы кісіге мұның өзі сабақ екені рас. Содан соң, осалдардың өзіне-өзі қарық болп, өз деміне өзі буланып, жіпсіп, күпсіп жүретіні, ал мықтылардың өзіне-өзі қөнлі толмай, өз ісіне өзі разы болмай, өзін-өзі іштей сынап, мінеп жүретіні және рас.

Айтатыны жок, осалдық деген де бір ботатірсек бозбалашылық – өз көлеңкесіне өзі жігітсіген қысыр қызтекелік қой, құрсын! Осалдар өпірем, өрекпігіш, бойлауық, күпілдек келеді! Осалдығын сонымен жасырмак болады.

Онымен де қоймай, осалдық омыраулап, мықтылықты біраз көзден тасалап, ықтыра алмаса да бұқтыра тұруы мүмкін. Бірақ мықтылық деген – мықтылық, түбінде осалдық атаулының бәрін көне тамдай қопара құлатып, сілкініп шыға келетіні сөзсіз. Осындай мықтылық иесінің бірі – Қадырдың өзі. Дәлірек айтқанда, Қадырдың қадірі – мықтылығында.

Мықтылығының бір дәлелі: Қадыр өлең өлкесіне күйбенсіз, кібіртіксіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден кәнігі шебер қалпында келді. Мұны біз тұнғыш рет Қазақ университетіндегі Әуезов аудиториясында танып білген едік. Күні кеше шәкіртке “сөз сиқырын” үйреткен шабытты шақтарда Ұлы ұстаздың өзі шынтақ сүйеген биік мінбеге киіктің асығындаған шып-шымыр қара бала жүгіріп шыққан емес, тұра шиырылып түскендей... дік етіп алшысынан тұра қалды да, ағытыла жөнелді:

Адам жылап туады, жатады жүрт жұбатып,  
Және жылап өледі, өзгені де жылатып.  
Жылайтыны та сап – жамандар бар  
кинайтын,  
Жылайтыны өлерде – жақсылар бар  
кимайтын.

Жым-жырт тұна, тына тындаған дүйім жұрт  
кенет ду-ду етіп, зал іші самал шайқаған  
қөлдей тенселді де кетті.

Хаос гармонияға көшті. Жұрттың бәрі бір деммен тыныстады. Әлгі шумақты тындаған әр адамға қас пен көздің арасында бұрын ешкім айтпаған бір сыр айтылып, ешкім ашпаған бір шындық ашылды да қалды.

Өлең әркімді өзінің өзгеше философиялық тереңіне тартып, оқыс ойға шомдырыды да қойды.

— Жаным ау, жанартау ғой мынау — деп таңдай қақты көп ішінен бір білгіш. — Жанғалы, жалындағалы тұрган жанартау ғой!

Дәл осы тұста Қадыр да дәл осыған үндес тағы бір тылсым сыр ашып, тағы бір қызық түйіп түйін тұрган:

Жанартаудың сөнгендері — даңқты,  
Атылмаған жанартаулар — қауіпті.

Аудитория ыргала бере қайта тынды. Енді жұрт дұылдамай, үнсіз ойланды. Тағы да сыр, тағы да шындық. Әркім-ақ айтуға болатын, бірақ айтылмаған сыр; әркім-ақ ашуға болатын, бірақ ашылмаған шындық. Жалғыз-ақ тындаушылар осыны табан аузында талдап түсініп отырған жок, тамсана түйсініп отыр еді...

Сол кештен күні бүгінге дейін Қадыр ақын қалың оқырманын таңдандырудан, тамсан-дырудан бір жаза басып көрген жок. Неге?

Асылы, адам әдебиетке сұлудың бұрымын-дай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі — өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі — өзге ешкімге үқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана шын мәніндегі әдеби туынды бар. Шын мәніндегі әдеби туынды дегеніміздің, Леонид Леонов айтқандай, мазмұн жағынан жаңалық ашу, пішін жағынан өнер табу болатын себебі де сондықтан. Енді турасына көшсек, мұбәда қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек кана

өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса – бірі, біреу болса – өзі – Қадыр Мырзалиев. Бір кезде өзінің түлеп ұшқан ұясы Қазақ университетіндегі Өуезов аудиториясы ғана білетін кәдімгі бала Қадырдың бүгінде бүкіл елі – туған халқы тұтас таныған қадірлі дана Қадырға айналу себебін де дәл осы арадан іздеген жөн.

Демек, қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр музасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар; Қадыр лирасының сыңғыры бөлек, сырғы терен. Қадыр Мырзалиев соңғы ширек ғасыр меғдарында қатарынан қаздай тізілтіп ондаған кітап берді: “Ақ отау”, “Бұлбұл бағы”, “Ой орманы”, “Дала дидары”, “Домбыра”, “Жерүйық”, “Алақан”, “Қорамсақ”, “Көкпар”, “Қызыл кітап”, “Мәңгі майдан”, “Қылыш пен қанжар”, “Заман-ай”, “Алмас жерде қалмас”, т.б. Мұның бәрі, әрине, қолыңыздағы таңдамалы томдарына сыйған жоқ. Ал сыйған кітаптардың бірі болмаса біріне аздал көз тоқтатқанның өзінде де әрқайсысының шежірелік мағынадағы шалқар мазмұн тұтастығы, симфониялық сипаттағы сұлу композициялық құрылымы адам таң қалғандай. Сонымен қатар бұлар жеке-жеке түрғанда ақынның ондаған жыл бойы үздіксіз өнуін, өрбүін, өсуін көрсететін эволюциялық сатылар секілді де, бәрі қосылғанда тамаша таланттың өзгеше творчестволық, тұлғасын, айрықша ақындық мінезін, сайып келгенде, ұланғайыр әсемдік әлемін қалыптастырған.

Айталық, “Ой орманы”. Бұл кітап үшін кезінде Қадыр Мырзалиевке Қазақстан комсомолының сыйлығы берілгені мәлім. Мұның өзі тегін емес-ті. “Ой орманы” – автордың азаматтық келбетін танытқан кітап. Мұнда Қадырдың ешкімге ұқсамайтын айрықша өз бітімі мен міnezі бар. Ақындық бітім, ақындық міnez мағынасында айтып отырмыз.

Кітаптағы өлеңдердің тақырыбы мен мазмұны – адам, адамға тән алуан түрлі сезімдер, ойлар, толғаныстар, адамның өмірге көзқарасы, адамның табиғатқа қарым-қатысы, сайып келгенде, адамның тағдыры мен тіршілігі. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып-мазмұн ретінде жаңалық, емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандай болмасын, Қадырдың жырлауында жаңа қырынан, бұрын-сонды ешкім айтпаған соны мағынада, тың пішінде көрінеді. Мәселен, бір өлеңде “биікке шықпағандардың биіктен құламайтыны” оқыс айшықпен ойнақы кестеленіп, бір өлеңде “қателесем деп қорқудың өзі – қателік” екені ұтымды жеткізілсе, енді бір өлең данқ, туралы: данқ деген де бір шың секілді, шың басына шыға алмай, “етекте қалғандардың іші күйсе, басына шыққандардың басы айналатынын” майда, жұмсақ юмормен аңғартады.

Осылардың бәрі өштейін ауызекі айтыла салмайды, әсем өрнекпен, ақындық шабытпен шебер айтылуының үстіне, әр оқушының

өзі ойлап, іздеп тауып алғандай құпия сырмен, қызық астармен айтылады. Өлеңнің ойлылығы дегеннің өзі осы емес пе?

Әрбір шын мәніндегі суреткер секілді Қадырдың да кешегі жыры – Адам туралы болатын, бүтінгі жыры да – Адам туралы, ертеңгі жыры да – Адам туралы болмақ.

Ал Адам, оның тағдыры мен тіршілігі әдеби шығармада әрқашан белгілі бір уақыт пен кеңістікте көрсетілуі шарт. Демек, Қадырдың Адамы да мезгіл-мекенсіз әлдебір абстракциялық нәрсе емес. Сондыктан Мырзалиев поэзиясына үзілмейтін өзекті желі бол тартылып, жан-жақты ашила суретtelіп, жинақтала тұлғаланып келе жатқан бір құрделі образ бар. Ол – қазақ даласының образы. Осынау шетсіз-шетсіз кең далага, өзінің тутан даласына Қадыр “Ой орманында” бір бөлім арнап, айрықша бір мол шабытпен көкірегін кере, мақтана сөйлеп: “Уа, дала! Кеңдігіне тамсандым көп, айта алман бәрін жазып тауыса алдым деп. Сен – алып пластинка дөңгеленген, инең бол тұрады ылғи өн салғым кеп!” – десе, соның іс жүзіндегі дерегі секілді келесі кітabyн тұп-түгел далага арнап, тұп-тура – “Дала дидары” деп атады. “Дала дидары” – Қадыр ақындығының жаңа белесі, тың өрісі. Бұл кітаптың, яки кітапқа енген жұз өлеңнің бір ғана көркемдік құны мен идеялық қасиетін бір сөзben айтсақ, үндестік деуге болар еді.

Александр Блок: ақынның ақындығы – үндестік деп үқкан және осы ұғымын терең теориялық тұжырымға айналдырған. Ал үндестік, яки гармония дегенді шебер суреткердің шындықты сырға, сырды жырға айналдыруы, өмірді сөрғе, өнерді өмірге

көшіруі, сөйтіп, мынау әлемдік тіршіліктің небір құпия сырларын ғажайып келісімге көшіре танытуы деп түсіндіреді.

“Дала дидарында” тек сырт қарағанның өзінде көзге бірден шалынатын бір түрлі бір композициялық бірлік, тың келісім бар. Кітаптағы төрт бөлім өзара тұтасқан төрт алуан сыр мен шындықты желілі, арнаулы түрде таратат жырлап жатса, осылардан ара-арасында ақын үш мәрте арнайы лирикалық шегініс жасап, оқырманын өзгеше бір толғаныстарға түсіріп, оның сезімін тербейді. Сөйтіп, ақын мен оқырманның көңіл күйлері өзара тағы бір тың үйлесім, үндестік тапқандай болады. Ал мазмұн жағынан келсек, мұндағы жұз өлең бір идеялық мақсатқа жарыса жол тартқан тағы да тұтас толғамды сыр, толқынды жыр. Мысалы, “Көне заман көріністері” атанған бірінші бөлім бір ғана басты тақырыптың кезеңді құбылыстарын жан-жақты әрі қаз-қатар өре, өрістете толғайлы: “Жар-жар” мен “Бесік-жыры”, “Бәйге” мен “Көкпар”, “Қыз қуу” мен “Құрес”, “Ән” мен “Бата”, “Қарақшы жыры” мен “Күнdestер”, “Барымта” мен “Өлім”, “Ауыл түні” мен “Көш”... – осылардың әрқайсысында байырғы көне ауылдың әр алуан шындығы әр қырынан көрініп кеп біртұтас бейне – дала дидарын алдымызға тартады.

Сонда бір өлең осы даланың күлкісі, қайғысы мен көз жасы, бір өлең әні мен назы болса, енді бір өлең мұны мен зары, бір өлең күші мен ірілігі болса, бір өлең әлсіздігі мен күйкілігі секілді өзара өріліп тұтасып, кете барады Жоқ, кете бармайды, ақын өзі

суреттеп отырған шындық, құбылыстардан қызық-қызық ойлар, философиялық байыптаулар, парасатты түйін-тұжырымдар қорытып отырады.

Мәселен, “Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей екен жақсысы жаманымен: бір жаманы – тынымсыз көше берген, бір жақсысы – қимаған даланы кең; Бір жаманы – жел сөзге ерген екен, бір жақсысы – тілге ерік берген екен; бір жаманы – кетпенге орашолақ, бір жақсысы – найзагер, мерген екен; Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан, бір жақсысы – күйлері қебік шашқан; бір жаманы – қыздарын малға сатып, бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан; Бір жаманы – шаруасын мандытпаған, бір жақсысы – құлықпен жанды үтпаған; Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне, бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған; Тату-тәтті көршилер шыр бұзбаған, бірге тоңып суықта, бір мұздаған; Бір жаманы – сонда да үй салмаған, бір жақсысы – абақты түрғызбаған!” ... “Міне, бұл – бір жағынан, осыған дейін әр қырынан суретте көрсетілген дала шындығын енді бірде ойша байыптаудан туған жиынтық-синтез болса, екінші жағынан, байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен бүтін бір халықтың бір алуан мінез-құлқы екені даусыз.

Байқасақ, осы секілді әр өлеңде және жинақтағы бар өлеңде автор мөп-мөлдір шындықты тап-таза ағысқа, ақындық ағысқа айналдырып, соншалық бір кең тыныспен еркін, ешқандай қитықсыз есіле, көсіле жырлаған. Әр өлең кәдімгі “қыыннан қыысу”

жағынан жасандылықтан аулак, соншалық, табиғи, тіпті оп-оңай құйыла салған секілді. Ең женілі мынау эпифораны оқып көрелікші: “Күншілдер өледі, Қөнілін от қарып. Батырлар өледі, Борышын атқарып. Бұзықтар өледі, Пышаққа құлшынып. Сұлулар өледі, Құшакта тұншығып. Арғымақ, өледі, Артында шаң қалып. Ақындар өледі, Бәріне таң қалып!” мазмұнындағы қоспасыз шындықты айтпағанның өзінде, пішініндегі мұндай шынайы, сұлу айшықты, яки фигураны асқан шебер ақын ғана жасай алады. “Дала дидарындағы” өлеңдерде, міне, осындағы өзіндік дидар бар...

Сонымен, бірінші томдағы бірнеше кітап – “Ой орманынан” “Дала дидарына”, одан “Бұлбұл бағына” көшіп, ақыр-аяғында Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алған “Жерүйық-қа” келіп, өзінің ақындық өнер биігіне осылай сатылап өрлеген Қадыр енді бір тұста поэзия жайлайына “Ақ отау”, яки өз отауын, өзінің жыр отауын тігеді де, төрінде отырып, екінші томда қолына құйқылжыған көңіл құйінің екі ішекті, он екі пернелі “Домбырасын” алады, сөйтіп тағы да сол өзі тапқан ырғакпен, мәнер-машықпен төнірегін ағыл-тегіл шалқыған кербез құйге, сылқым сырға, сырбаз жырға толтыра күмбірлетіп кетеді.

Сөзімізді ұзарта бермей, тұжыра тұсу үшін біз “Бұлбұл бағын” араламай-ақ, “Ақ отауға” кірмей, “Жерүйық-қа” бармай-ақ, бірден “Домбыра” сазына сәл құлақ түріп көрсек дейміз. “Куып шығар қызыл сөзді ой кейін, Мен оларға киліккенді қой дейін. Өзің көтер,

Алтын тиек идеям, Егіз ішектің беу-беуі мен Гөй-гөйін!” Қадыр “Домбыра” тиегін осылай қондырады. Мұның өзі домбыра тиегі болуымен бірге кітаптағы өлең-эпопеяның бет-ашары да: тиек тіреп көтерген екі ішек құр қүйқылжып ойнамайды, ой айтады, сыр шертеді, демек Қадыр домбырасының тиегі шанақ пен ішек арасындағы мөлшерлі қашықтық қана емес, жинақтағы өлеңдердің идеялық-көркемдік биігінің де мөлшері болуға тиіс. Осы үғыммен біз, міне, бірінші кітапты ашып оқыдық, яки домбыраның үстіңгі ішегін шертіп тындастық дейік.

Ал, қане, не аңғардық?

“Дала дидарында” Қадырдың оқушы қауымға ағынан жарыла айтқан мынадай бір шыны мен сыры бар еді: “Мына бассыз, мына қолсыз жоқ құным. Қолымда да, басымда да жоқ тыним... Іссіз откен күнді өмірге санама! Онда өз қолым жармасады жағама”.

Домбыраның үстіңгі ішегі, алдымен, Қадырдың дәл осы айтқандарының әшейін сөз емес, қолма-қол істелген іс екеніне көзімізді жеткізеді. Тағы да тынымсыз әрекет: жазу, өлең жасау, о бастағы ұлы тақырыпты одан әрі өрбіте жырлау, оның жаңа қырларын ашу, осындағы қын, қызық қимылдар үстінде ентікпеу, шаршамау, кен тыныспен, қылан жүріспен келе жату, өзінің ақындық сапарының үстінде тағы да ілгері басу, жаңа бел-белестен асу... Шумақтап айтар болсақ, біз “Домбыра” сазынан, міне, осыларды аңғарамыз.

“Табиғатпен табысу”, яки “Сағатпен

сырласу”, “Қазақтарды шетелдік қонактарға таныстырыу”, яки “Ауылды аңсау”, “Көрия және күн”, яки “Дала мен гүл”... Осылардың қай-қайсысын алып қарамалық, тақырып Қадыр өлеңдерінде бұрын жырланған тақырып болғанмен, қазір мағына-мазмұны жаңарап, жаңа қырынан көрінген, баяғы қаз-қалпында қатып тұрып қалмаған, орынсыз қайталаңбаған, уақытпен, мезгілмен бірге ілгерілеу, даму үстінде көрсетілген: “Домбырадағы” дала “Ой орманындағы” немесе “Дала дидарындағы” дала емес, оянған өлке: “Танымайсың бүгін Дала-нояңды. Нојан-дала қызыл ту боп боянды. Ояңды ол гудогы боп заводтың, дауысы зор аэропорт боп ояңды. Төңірегі жолдас толы, дос толы. Тізгініне берік бүгін қос қолы. Көзін ашты шамы болып Ильичтің, көзін ашты Қазақстан ГЭС болып”. Мұнан әрі ақын тәскейінде телеграф сымдары мен темір жолдар жосылып жатқан алып даланың төбесінде құс жолы сайрап, ол, жолмен космос корабльдері зымырап көтерілгенін, сөйтіп, бір кезде керуен жолы болған қазақ даласының бүгінде ғарыш жолы болғанын шалқыған шабытпен жырлайды.

Мұнан әрі Мырзалиев Дала төсіндегі космодромды, Дала мен ғарыш арасындағы ұлы сапарларды, орыстың ер елі мен қазактың сері елінің керемет достығын, Күн мен Жердің достығы секілді отандас ұлттардың ұлы ынтымағын жырлап келіп, екінші кітапқа, яки астынғы ішекке аусады да одан “Алақанға” көшеді. Ал “Алақан” туралы осы кітаптың дәйектемесінде дәл айтылған: бір кездері бір-біріне жұдырық бол жұмылыш

келген Орта Азия халықтарының қуатты қолдары бүгінде достықтың алып алақаны бол жайылса, татулық пен туыстықтың бейбіт құсы сол алақаннан ұшып, сол алақанға қонақ-кәде кітабын “Алақан” атай отырып, ақын алдына қойған әдеби мақсатын әдемі орындашықкан. Ол өз дәуірінің үніне осылай айналған.

Қадыр Мырзалиев – сөздің сәйгүлігі, ойдың азарманы. Жеке бастың дара мұңынан бастап, қым-қиғаш халықаралық қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алады. Мысалы, Ресейдің Қазақстаның тағдыр-тариҳындағы алатын және атқарып келген отаршылдық орнын екі-ақ, өлең жолымен әдемі жеткізе білген.

“Қараса егер Ресей түйіп қабак, Көмейінен өтпейді сүйық тамак”, – дейді бір шағын поэмасында. Шынында да солай болып келген, біразға шейін өлі де солай бола беретін шығар.

Қадыр Мырзалиевтің жазғандары бір кітаптан ғана тұрмайды, біrnеше томнан тұрады. Бір ғана әдеби жанрмен шектелмейді, бүкіл көркем жанрларды қамтиды. Қолдарыныңдағы он екі томның бес-алтауы лирика болса, біреуі поэмалар, біреуі драма, біреуі эссе, біреуі афоризмдер мен ғибратлы мәлтек әңгімелер, екеуі бөбектерге арналған өлеңдер. Өкінішке орай, әдеби сыны (оның ішінде “Сөз сиқыры” бар) және біrnеше томнан тұратын көркем аудармалары он екі томның сыртында, әзірше сыймай қалып отыр.

Шынында да өкінішті. Бірақ мұз бұзылды, сен жүрді. Бұл рухани көктемнің нышаны. Құдай қаласа, көркем сөздің көктемі қайта оралып, жан жадыратар жаркын күндеріміз де келер.

Қысқасы, Қадырдың өзі айтқандай, “ақын да бір жанартай – қоздаған шок, маздаған от”. Ал “Ақынның оты өз дәуірінің жалынымен жалғасқан жерден Шекспир, Гете, Пушкин туады” (И. Сельвинский).

Зейнолла Қабдолов.

## ӨЛЕНДЕР

### КӨКТЕМ

Қарайып жарқабактар күн ыстаған,  
Қырдан қар төмен қарай жылыстаған.  
Тосады жалпақ дала күнге жонын,  
Денесін жазайын деп күрыстаған.

Ала бұлт аспанның бір қабатындей  
Ақырын төмендейді қонатындей.  
Күміс бу жер бауырлап қозғалады,  
Көктемнің үшып келген қанатындей.

Су менен шуақ сіңіп жал-қырына,  
Сергиді жалқау дала жаңғырыға.  
Аспаның әлсін-әлсін  
Көктем-ұлын  
Алады шомылдырып жаңбырына.

Ауылдың шығып алып қыр бетіне  
Аймақтың көз жіберші келбетіне.  
Сансыз құс алуан ырғак, алуан үнмен  
Сайрайды гүлді көктем құрметіне.

Құрагы сырын шертіп қоғасына,  
Сұлулық бітер көлдің жағасына.  
Жаз келіп, көктем жылжып жүре берер  
Інідей орын берген ағасына.

## **БҰЛТ**

Жалбыр-жалбыр жұні ұзын  
Жабағыдай  
Жөңкіген бұлт көк жүзін  
Жабады ұдай

Тұрамыз,  
Өтеді деп  
Нұр селдетіп.  
Қаламыз,  
Кетеді тек  
Құр желдетіп.

Шөлдеткенде алтын күн  
Егістікті,  
Жауа алмаған бұлтыңдың  
Несі мықты?!

## **ШИЕ МЕН ЖИЕН**

Айтқан тілді алмайтын  
Көршіміздің жиені.  
Әлі жеуге болмайтын  
Жұлатын көк шиені;

Жұлып жүр деп жиенім,  
Көрші ойына алмайтын.  
Пісер кезде шиенің  
Бір түйірі қалмайтын.

## **ЖАҢБЫРДАН СОҢ**

Жалт-жұлт етіп, сарт-сұрт етіп жалт ойнап,  
Жаздай жаңбыр жаумап еді — жүрт айғақ.  
Беймаза жел аспан астын аралап,  
Бір мезгілде алып келді бұлт айдал.  
Сол сол екен дала нұрга кенелді,  
Қара нөсер құйып ала жөнелді.  
Ойнап еді бір топ бала ілкіде  
Санын соғып, алақайлап,  
Ал енді;

Жаңбырдың мол селдетерін білгесін,  
Жүгірісп үйді-үйіне жиды есін.  
Жоғалды бұлт  
Жабыстырып үстіне.  
Шөпшілердің күнсіп кеткен жейдесін.

Су-су қылып бозторғайды, шымшықты,  
Жылғалардан жылжып қана су ақты.  
Жаңбырдан соң күлімдеді табиғат  
Жақсы баға  
Алған бала  
Сияқты.

### **“МАТ”**

Бір дүние қосылады —  
Шахматын берді атам.  
Жеңбесем де досымды,  
Шайқасқанды үнатам.

Бір ойында  
Ойланбай  
Пешкі беріп, ат алдым.

Есесіне  
Сол бойда  
Мықтап тұрып “мат” алдым.

## **МҰНДЫР**

Ойыншық, еді лайық,  
Шығарды Омар быт-шытын.  
Осыған қатты мұңайып,  
Таянып отыр шықшытын.  
Қорлығың сенің өтті деп,  
Енді оны жақсы көрмейді-ау.  
Ойрандағаның жетті деп,  
Ойыншық әкеп бермейді-ау!

## **САҚ ҚҰЛАҚ**

Күшігім бар.  
Күшігім  
Кереметтей сақ құлак.  
Күзетіп үй есігін.  
Көңілді жүр шапқылап.

Құмары бір қанады  
Құрбыларым келгенде.  
Бірден танып қалады  
Бөгде жанды көргенде.

Үріп тұрып жөнімен,  
Қызық оның қашқаны.  
Қорқып үріп,  
Сонымен  
Қоркытады ол басқаны!

## KY3

Жайып салып алдына қалағанды,  
Жемісті күз кезінде келе қалды.  
Жоқ еместің бәрі бар қоржынында,  
Жаратпайды бірақ ол тонағанды.

Күтіп жүр ек біз оны өуел баста-ақ,  
Жәрменкені жібердік дереу бастап.  
Астық, мақта, миуасын – бар байлығын  
Алып қалдық еңбекке айырбастап.

## АЛМА НЕГЕ ҰЯЛДЫ?

Ақ матада  
Жібекпен  
Алма шеккен кіл “бестік”.  
Ұстап көріп әдеппен  
– Әдемі екен бұл! – дестік.

Құр мақтаппыз біз өстіп,  
Ұсынышты ол киялды.  
Күнделіктен бір “бестік”  
Көрсете алмай ұялды.

## KIPPI

Жатқан кезде быртиып,  
Кірпіге сен көр тиіп.  
Тікірейтіп түрпісін  
Түрегелер үрпиіп.

Топ алдында сынасак,  
Түзелуін сұрасақ,